

"Аудандық бюджет қаржысы есебінен қала жағдайында қызметтің осы түрімен айналысатын мамандардың жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар аудандық бюджеттің қаржысынан қаржыландырылатын ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының Тізбесін айқындау жөнінде" аудан әкімдігінің 2008 жылғы 27 мамырдағы N 199 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 5 қазандағы N 231 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 3 қарашада N 13-7-162 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурыздағы N 66 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 13.03.2015 N 66 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудандық бюджет қаржысы есебінен қала жағдайында қызметтің осы түрімен айналысатын мамандардың жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар аудандық бюджеттің қаржысынан қаржыландырылатын ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының Тізбесін айқындау жөнінде" аудан әкімдігінің 2008 жылғы 27 мамырдағы № 199 қаулысына (2008 жылғы 27 маусымда № 13-7-86 мемлекеттік тіркеу Тізбесінде тіркелген, "Ауыл арайы-Сельская новь" газетінің 2008 жылғы 11 шілдедегі 32 нөмірінде мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланды) келесі толықтыру енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген аудандық бюджет қаражаты есебінен қалалық жағдайда қызметтің осы түрлерімен айналысатын мамандардың жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар аудандық бюджеттің

қаржысынан қаржыландырылатын ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының Тізбесінің 4-тармағы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Т. Баумағанбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Ыбыраев

КЕЛІСІЛГЕН:

Жамбыл аудандық

Б. Мұсабаев

мәслихаттың хатшысы

Аудан әкімдігінің 2011 жылдың 5
қазанындағы № 231 қаулысына қосымша
Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 27
мамырдағы № 199 қаулысымен бекітілген

Аудандық бюджет қаражаты есебінен қалалық жағдайда қызметтің осы түрімен айналысатын мамандардың жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар аудандық бюджеттің қаржысынан қаржыландырылатын ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі

4. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары (оның ішінде бірінші), соның ішінде мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорынның;

2) мұғалім;

3) социолог;

4) психолог;

5) оқытушы;

6) тәрбиеші;

7) музыкалық жетекші;

8) нұсқаушы;

9) мәдени ұйымдастырушы;

10) әдістемелік кабинеттің басшысы;

11) әдістемеші,

12) шебер;

- 13) аккомпаниатор;
- 14) концертмейстер;
- 15) үйірменің басшысы;
- 16) медициналық бике;
- 17) емдәм бикесі;
- 18) кітапханашы;
- 19) библиограф;
- 20) жетекші;
- 21) инспектор;
- 22) кітапхананың, интернаттың, психологтік–педагогикалық түзету кабинетінің, шеберхананың меңгерушісі;
- 23) дәрігер;
- 24) сурдопедагог;
- 25) тифлопедагог;
- 26) көркемдік басшы;
- 27) балетмейстер;
- 28) хормейстер;
- 29) хореограф;
- 30) жаттықтырушы;
- 31) барлық атаудағы суретшілер;
- 32) оқу бөлімінің хатшысы;
- 33) лаборант.